

Қостанай облысы Федоров ауданы Малороссийка ауылының аумағында орналасқан "КиТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 18 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қарашада № 6714 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы Қоржынкөл ауылдық округі әкімінің 27.02.2017 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 12.12.2016 туындаған қатынастарға таратылады).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2016 жылғы 19 тамыздағы № 01-20-156 ұсынысы негізінде Қоржынкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Федоров ауданы Малороссийка ауылының аумағында орналасқан "КиТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Федоров ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Федоров аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар

жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 19 тамыздан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Е. Абдурахманов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Федоров аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ М.Б. Нуркин

2016 жылы 25 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың
құқықтарын қорғау департаментінің Федоров аудандық
тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е.К. Джагалтаев

2016 жылы 25 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Федоров ауданы әкімдігінің
Ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ У.А. Успанов

2016 жылы 25 қараша